

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/SIHF2643>

Н. Б. Мансұров

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркология ғылыми-зерттеу институты,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

ҚАЖЫ – МҰСЫЛМАННЫҢ ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫ

Ұсынылған мақалада тіл тарихында қолданыс тауып келетін «қажы» сөзінің мағыналық сипаты бойынша тілдік материалдар қарастырылған. Басты талдаулар сөздің мазмұны мен мағыналық ерекшеліктеріне орай және өзге үлгідегі нұсқалары негізінде сараланған. Қажы сөзінің төл тілдегі тұлғасы, қалыптасуы, оның айтылуы мен жазылуы сөз етілген. Сөздің мағыналық сипаты айқындалып, оған қоса өзгеріске түскен үлгілерінің тіліміздегі дыбыстардың дыбысталу ерекшелігі нәтижесінде қалыптасуы барынша талданған.

Зерттеу барысында сөздің тілімізде орнығуы, қолданылуы және тұлғалық өзгеріске түсуі, ұғымы мен атқарған қызметтері де сараланған. Қажы сөзінің мұсылмандар қасиет тұтатын жерді зиярат ету мағынасы, тілдік ұғымда қасиет тұтқан нәрсеге ұмтылу, талпыну және ниеттену, ал терминдік мағынасы – қажылық айлары деп саналатын мезгілде Мекке қаласына қажылық жасау шарттары сөз етілген.

Бұл ретте кірме сөздердің автор қандай сөз болмасын ол өзге тілге енген сәтте мағыналық әрі тұлғалық жағынан өзгеріске түсетінін, сондай-ақ кіріккен тілдің дыбыстық ерекшелігіне қарай бейімделетінін, әрі сөздердің айтылуы мен жазылуы жайлы тұжырымды ойлар ұсынған. Ұсынылған ой-тұжырымдар тілші ғалымдардың пікірлерімен ұштасады. Теориялық тұрғыда кірме сөздердің қалыптасуы жайлы мұндай тұжырымдар мен ғылыми көзқарастар автордың өзіндік түйіндер жасауына жол сілтейді.

Кілтті сөздер: кірме сөз, діни лексика, сөздің түбірі, қажылық жасау.

Кіріспе

Тіліміздің лексикалық қорынан көлемді орын алатын сөздер жиынтығының бірі әрі күрделісі өзге тілдерден енген кірме сөздер. Соның

ішінде шығыс тілдері араб, парсы сөздерінің орны ерекше. Олардың қолдану өрісі де мейлінше кең. Осы кірме сөздерге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, саралап, талдау жасалған жұмыстар тілімізде жетерлік. Әсіресе, діни сөздерге жасалған зерттеулер жайы бөлек. Діни ұғымдарға қатысты сөздер ақын не жазушы шығармаларына сараптама жасалғанда олардың қандай сөздерді кеңірек қолданғанын және оны қалай, қаншалықты мөлшерде пайдаланғандығын көрсетеді. Осы орайда ақындар мен жазушылардың діннен хабардар болғандығын ескерсек, қай ақын не жазушы қаншалықты діни сауатты болғандығына да көз жеткізуге болады.

Зерттеудің нысаны: тілдік қолданыстағы қажы сөзінің семантикалық мәнін ашу

Зерттеудің пәні: қазақ тілінің семантикасы, этимологиясы

Мақсаты: Тілімізден орын алған діни терминдерді қарастыру, оның негізінде тілдік факторларға назар аудару. Өйткені тіл тарихында тілдік факторлардың алар орны бар. Кез келген халықтың өзара байланысының бір көрінісі діни таныммен байланысты. Алайда оның тілсіз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Сондықтан кезінде батыс пен шығыс елдерін байланыстырып, мәдени қарым-қатынасты жақындатқан көштің бірі – «Ұлы Жібек жолы» болса, сол көштің пайда болуы тек қана сауда жасау мен шаруашылықты дамыту ғана емес, онда халықаралық қатынастар, мәдени һәм саяси маңызы болғанын көрсетеді. Оған қоса бұл сауда жолы тек қана шығыс пен батысты байланыстырып қойған жоқ, ол түркі халықтарын да қамтыды. Соның ішінде түркі халықтарының бір тармағы саналатын қазақ халқы да мұндай байланыстардан тыс қалмады. Олардың тарихы, наным-сенімі мен мәдениеті, тілі және т.б. сол көш арқылы араласқа түсті. Бір сөзбен айтқанда, қазақ даласы да өз кезегінде өзіндік мәдениетті таныстырып, шығыстық және батыстық мәдениетпен қатынасқа түсті. Нәтижесінде лексикалық қор өзге тілдердің сөздерімен толықты. Соның бірі діни терминдер.

Бұл ретте діннің рөлін ерекше атаған жөн. Айталық, Ислам дінінің дүниеге келуі адамзат баласының жаңа сипаттағы танымына жол ашты. Сол арқылы әлемді, оның құрылымын, адам баласының жаратылуын таныды, сондай-ақ ғылым мен мәдениет саласында да жаңаша көзқарастарды қалыптастырды. Басқаша айтқанда, діннің келуі жалпы адамзат баласына жаңа леп әкелді. Жаратылыстану, математика, химия, физика, астраномия, философия, медицина ғылымдары өзінің шарықтау шыңына жетті. Бағдат, Шам, Мысыр, Басра, Куфа қалалары мұсылмандардың мәдениет ошағына айналып, мұсылмандардың ортақ мұрасы, ортақ табысы Ислами бояумен саналы көрсеткішке ие болды. «Ислам мәдениеті фәни түсінік аңғара алмаған, қолы жете алмаған, шешімін табуға ақылы жетпеген ұғымдардың кілтін ашып берді. Мұнын бәрін өте анық, мызғымас һәм сенімді қағидаларға негіздеді» [1, 284 б.].

Міндеттері:

- діни терминдердің орын алуы жайын қарастыру;
- терминнің мағынасын саралау.

Жалпы, Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстан жеріне келуі тек қана діни терминдердің енуіне себепті болып қойған жоқ, онымен бірге жергілікті халықтың мәдениетін көтеріп, өркениеті өсуіне де үлес қосты. Орта Азиядағы Самарқанд, Бұхара, Хорезм, Тараз, Фараб, Сығанақ, Иасы қалаларында ғылыми оталықтар құрылып, онда әлемге танымал болған ғалымдар дүниеге келді. Атап айтар болсақ, Әбу Насыр әл-Фарабидің екінші ұстаз атануы, Қожа Ахмет Иасауидің Орта Азиядағы сол кездегі қол жетпес өркениеттің көшбасшысы болуы, Мұхаммед Мұсаұлы әл-Хорезмидің математика саласындағы ғылыми жаңалықтары, Әбу Райхан әл-Бирунидің ғарыштану, физика саласындағы жетістіктері, Әбу Әли ибн Синаның медицина ғылымындағы ашқан жаңалықтары осы айтылған ойларымыздың айғағы.

Міне осындай жетістіктердің нәтижесінде түркі халықтарының тілінен діни терминдер көптеп орын алды. Олар күнделікті тілдік қолданысқа түсіп, тиісті мөлшерде сөздік қорға еніп кетті. Кейбірі дыбыстық ерекшеліктерге қарай өзгеріске ұшыраса, ал кейбірі сол қалпында орнықты. Көп ретте діндар ғұламалардың қолданысында сөз еткен діни терминдер өзінің төл тілдегі формасын сақтап қалды. Мүмкін бұл қасиетті саналатын Құран Кәрімнің канондық тілінің нормасын сақтап қалу болса керек, бәлкім мағынасын дәл жеткізу мақсатында солай айтып, жазу дәстүрі болған болар. Қалай десек те, мұндай сөздер тілге еніп, орнығып, айналымға түсті.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Тілімізде көптен қолданылып, мағыналық сипаты да жалпыға түсінікті болған діни терминнің бірі – қажы сөзі. Қажы – араб тілінен алынған хадж – Меккеге барып қайтқан адам. Сөздіктегі мағынасы حَجّ (хаджун) паломник, пилигрим; хаджи [2, 145 б.]. Сөздің түбірі حَجّ (хәжжа) етістігінен туындаған «киелі жерлерге бару» (құлшылық жасау үшін); қажылық жасау әрекетінен есімге айналған. Сол амалды жасаған адам.

Лексикалық мағынасы қажы (хажы) араб тілінде мұсылмандардың қасиет тұтатын жерді зиярат ету мағынасын білдіреді. Яғни тілдік ұғымда қасиет тұтқан нәрсеге ұмтылу, талпыну және ниеттену, сондай-ақ оны орындауды мақсат тұту. Ал терминдік мағынасы – қажылық айлары деп саналатын мезгілде Сауд Арабиясы корольдігіндегі Мекке қаласының жанындағы Арафат тауында ғибадат жасап, ниет қылу. Содан кейін Қағбаны тауап ету және қажылықтың шарттары негізінде басқа амалдарын орындау. Міне осы ғибадаттарды орындаған адам қажы атанады. Қажы – Мекке қаласына қажылық жасаған мұсылманның құрметті атағы.

Негізі қажылық – Ислам дінінің бес тірегінің бірі. Мұсылмандықтың – бесінші парызы. Шарифат бойынша кәмететке толған, ақыл-есі толық, денсаулығы дұрыс, қаржылық мүмкіндігі бар әр бір мұсылман баласы қажылық парызын өтеуі тиіс. Бұл қасиетті Құран Кәрімде: «Алла үшін Қағбаны адамдарға қажылық жасау парыз» делінген (Әли-Имран, 97 аят). Ал Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадисінде: «Ислам бес негізге құрылған: Алла Тағаладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед оның елшісі деп куәлік ету. Намаз оқу. Зекет беру. Рамазан айында толық ораза ұстау. Қағбаға қажылыққа бару», – деп келеді.

Тағы бір аятында Алла Тағала:

يٰۤاَيُّهَا الَّذِيْنَ اٰمَنُوْا اٰتُوْا مِمَّا رَزَقْنَاكُمْ مِّنْ حَيْثُ وُجِدْتُمْ فِيْ الْاَرْضِ لَعَلَّكُمْ تَكْفُرُوْنَ
 ﴿۱۰۷﴾

«Қажылық белгілі айларда өтелетін құлшылық. Кімде-кім сол белгілі айларда құлшылық парызын өтеуге ниет етіп, бел буса, онда қажылық парызын өтеу барысында күнделікті тұрмыста орын алатын жайттарда шарифаттың шеңберінен шығуға, дауласуға және шекісуге, сондай-ақ жұбайлардың бір-бірімен жақындасуына тыйым салынады. Қандай жақсылық жасасаңдар да Алла оны міндетті түрде біліп тұрады. Біліңдер, азықтарыңды жақсылап қамдап алыңдар, ең қайырлы азық – тақуалық!», – дейді (Бақара, 197 аят).

Қажылық сөздікте – «қасиетті жерге баруды ниет ету» дегенді білдірсе, шарифатта – арнайы уақытта, яғни қасиетті рамазан айынан кейінгі айдан бастап зулхижжа айының 10–12 күндеріне дейін арнайы мекенде яғни Сауд Арабиясының Мекке қаласында табылып, арнайы бекітілген ихрамға кіру, Қағбаны жеті айналып тәу ету, Сафа мен Маруа арасында сағий жасау, Арафада тұру, Мұздалифада түнеу, шайтанға тас ату сияқты амалдарды орындау деп түсіну ләзім [3,145 б.].

Фиқһ ілімінде де қажылық – балиғатқа жеткен, ақыл есі дұрыс, денсаулығы жақсы әрі қаржылай мүмкіншілігі бар әр бір мұсылманның Алла үшін ғұмырында бір рет шарифат белгілеген мерзімде арнайы шарттарға сай құлшылық рәсімдерін орындау үшін қасиетті мекенді зиярат ету деп келеді.

Қажылық – мұсылмандар арасындағы теңдіктің белгісі. Онда халық іс жүзінде не ұлтқа, не нәсілге бөлінбейді. Неге десеніз, мұсылмандар қажылық кезінде бай-кедей, білімді-білімсіз, ұстаз-шәкірт, шені мен шекпені бойынша да ажыратылмайды, онда кім болса да барлығы дүниелік атақ-лауазымдарына қарамай, бәрі бірдей ихрамға енеді (тігісі жоқ үстіне киілетін киім).

Ихрам сөзінің мағынасы «харам ету» дегенді білдіреді. Қажылық ғибадатын орындау кезінде тыйым салынған, яғни жай уақытта жасауға болатын тігілген киім кию, жыныстық қатынасқа түсу, шарифатқа қайшы келетін амалдар жасауға, т.б. қажылық және умра кезінде рұқсат етілмейді.

Сөздің ихрам кию ұғымы рида – үстіне киілетін киім және изар – белден төмен киілетін киім. Аталған киім тек қана ер кісілерге қатысты, ал әйел кісілерге күнделікті киетін киімдері жарайды.

Қажылықтың мәнін, мазмұнын және ауқымын исламда ерекше құбылыс деп таниды. Оны тіпті ежелгі заманнан тамыр тартатынын сөз етіп, Қағбаға табыну және онымен байланысты ғұрыптарды мұсылмандық дәстүрді Адам пайғамбарға апарып тірейді. Ибн әл-Асирдің айтуынша Қағба орнатылғаннан кейін періште Адаммен бірге Арафат тауына барып, оны оқытты, адамдардың қажылық кезінде орындалатын рәсімдерін үйретті дегенді келтіреді [4, с. 25].

Дініміз Исламда қажылық – бес парыздың бірі. Қажылық (арабша حَجّ) – белгілі бір уақытта Меккеге (әл-Харам мешіті) және оның айналасына (Арафат тауы, Муздалифа және Мина алқаптарына) барумен орындалатын амал. Яғни қажылық – исламның шаһадаттан, намаздан, зекеттен және оразадан кейінгі бесінші тірек [5].

Жалпы алғанда, қажылық – мұсылмандар үшін сабырлыққа келу, үздіксіз ғибадат жасап, сол арқылы нәпсіні тыю, өзгені сыйлап, сыпайылық танытудың көрінісі. Бастысы, мұсылман баласының қажылық ғибадаттарын өтеп, қажы атануының бірнеше шарттары бар. Ол жайлы бүгінде дін ғұламаларының айтып, тұжырым жасағандары жетерлік. Оны бөлек тақырып деп санаймыз. Ал тіліміздегі қажы сөзінің түрлі үлгіде қолданылуы қазақ тілінің фонетикалық сипатына негізделген. Мұны сөз етіп, оның негізгі мән-мағынасын айқындау маңызды.

Қажы сөзінің өзге үлгіде қолданылуы тіліміздің дыбыстық ерекшелігіне байланысты. Айталық, тіліміздің қолданысында әжі сөзі бар.

ӘЖІ І (Өзб., Ташк.) қажы. Бұрынғы ә ж і л е р д е н қалған тұқым қазірде бар (Өзб., Ташк.). «Қызыл Октябрь» колхозының мүшесі Кәдіров Баянбайды өтірік жаламен әкең әжіге барған деп колхоздан шығара жаздаған («Соц. жол», 1939, №1). 97-бет [6, 116 б.].

Тіліміздегі мұндай араб, парсы сөздерінің түрлі үлгіде қалыптасуының бір себебі кей дыбыстардың қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес келмеуі. Араб тілінің спецификалық дыбыстары саналатын ح -хә, ح -ха, ه -һә дауыссыз дыбыстары қолданыста түрлі таңбалармен бірде х, бірде һ, бірде қ әрпімен беріледі. Нәтижесінде бұл дыбыстардың дыбысталуы да әрқалай болып шығады. Бұл жайлы айтылған ғалымдар пікірі де осыған саяды. Бір топ ғалымдар шығыс тілдеріндегі һ дыбысы қазақ тіліне тән емес, сондықтан әліпбиден мүлде алып тастауға болады десе, енді бірі дауыссыздардың ішінде х әрпінің қазақ сөздерінде (негізінен араб, парсы тілдерінен енген сөздерде) жазылуына өте ұқыпты қарау керек. Не морфологиялық, не фонетикалық принципке сай келмесе де, бірсыпыра сөздерде х әрпі жазылып, дәстүрге айналып кетті: хат, хабар, халық, мұхит, сахна, -хана [7, 11 б.].

Ал *ح* -ха дыбысының табиғаты біршама өзгеше. Өйткені бұл дыбыстың дыбысталуы жоғарыда келтірген *ح* -хә-ден жуан дыбысталады. Соның салдарынан оның түсіп қалуы да кездеспейді. Кейде *х* дыбысымен алмасатыны көрінеді. Алайда мұның дыбысталуы тіліміздегі *қ* дыбысына сәйкесетіні қолданыста аңғарылады. Бұл жөнінде Ә. Жүнісбеков «Қазіргі әліпбиде қолданылып жүрген [*х*] (хабар, хат, хан, халық) дыбысы, қатаң фонемаинвариантының фонетикалық реңктерінің бірі», – деп көрсетсе [8, 32 б.], Р. Сыздық «*Х* әрпімен жазылатын араб, парсы сөздерінде ауызекі тілде бұл дыбыс қазақша *қ* дыбысына жуықтаңқырап айтылады. Мысалы: кабар (хабар дегеннен гөрі), қат (хат дегеннен гөрі), Ақымет (Ахмет дегеннен гөрі), Қадыйша (Хадиша дегеннен гөрі), тарыйқ (тарих дегеннен гөрі), қалық (халық дегеннен гөрі) дейді [9, 116 б.]».

Расында, араб тіліне тән саналатын *ح* -х, *ح* -ха, *ه* -һә дауыссыз дыбыстары тілімізде түрлі өзгерістерге түседі. Айталық, *ح* -хә дыбысымен басталатын сөздер бірде түсіп қалады, бірде дауысты *а, ә, ү, и* дыбыстарымен басталады, бірде *қ, х* таңбаларымен алмасып келеді: *حرام* (хәрам) – арам, қарам, харам, *خيل* (хилә) – айла, қайла, хәйла, т.б.

Араб тіліндегі *х* дыбысының тіліміздегі қолданысы біршама өзгеше екендігін айттық. Өйткені ол көп жағдайда түсіріліп айтылады. Бұл ең алдымен араб тілінің өзіндегі дыбысталуына да тікелей байланысты. Араб тіліндегі *ح* -х мен *ح* -ха дыбыстары ерекше әуенденеді. *ح* -х айтылуда *حاء* -ха-і болып дауыстың кенеттен кілт үзілуі нәтижесінде дыбысталса, *ح* -ха дыбысын айтқанда дауыс ашық, еркін дыбысталып, тілімізге кеңінен танылып жүрген *х*-ны береді. Сол себепті *ح* -х көп жағдайда түсіріліп, одан кейін келген дауысты дыбыстың бірімен келеді. Тілімізде айуан-хайуан, алал-халал, арам-харам, әл-хәл, есеп-хисап болып қолданылуы осының негізінде көрініс тапқан [10, 55 б.]».

Міне қажы сөзінің негізінде қалыптасқан әжі сөзінің қолданысы да *ح* -х дыбысының түсіріліп, кейін келген дауысты дыбыстан басталған. Ал оның жуан не жіңішке дыбысталуы аймақтық тілдік ерекшеліктерге байланысты. Қазақ тіліндегі араб кірме сөздерінің жуанды-жіңішкелі нұсқаларының таралу шегі де бірдей емес. Өзбек, тәжік тілдерінің тікелей ықпалы болатын оңтүстік говорларда жіңішке варианттар орнықса, қазақ әдеби тілі мен өзге говорларда жуан варианттар сақталған. Бұл да қатып қалған қағида емес. Қазақ тіліндегі залым-зәлім, маусым-мәусім варианттарының жіңішке сыңары оңтүстіктен тыс Жайық бойына дейін таралған [11, 35 б.]».

Бұл сөздің осындай екі формасы да тілдік қолданыста көрініс табады. Алайда оның қажы үлгісі әдеби тілде сақталып, әжі оңтүстік говорларында қолданылады. Мұндай қолданыстар тілімізге жат емес. Мысалы, тілімізде кате, тәмәм, т.б. сияқты сөздер бар, олардың жуан қолданыстағы ката,

тамам үлгілері де кезедеседі. Алайда жалпыхалықтың қабылдауына сәйкес көп ретте тілдің айтуға жеңіл болған формалары қалып қояды да, өзгесі уақытымен ығыстырыла бастайды. Ал асыл-әсіл, залым-зәлім сияқты сөздердің екі нұсқасы да қолданыста айналымға түскендігі тағы бар.

Негізінен, қазақ тілінің заңдылығының бірі төл сөздер бірінғай жуан немесе бірінғай жінішке болып үндеседі. Араб, парсы кірме сөздері де осы заңдылыққа еріксіз бағынады. Бірақ кей жағдайда өзінің түп төркініндегі жуан және жінішке дыбысталу үлгілерін сақтап қалатынын да ескерген жөн.

Қорытынды

Бұл келтірілген дәйектемелер ауызекі сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқан деген пікірді ұсынса да, расында, соның нәтижесінде жазба тілі игеріліп, солай таңбалау қабылданған деуге болады. Яғни, ұлт зиялырымыздың тәжірибесіне сүйеніп, тіліміздегі хат, хабар, хан, хақ сөздерін қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес қат, қабар, қақ деп таңбаласақ, омографтардың санын көбейтетіміз сөзсіз. Ал кез келген тілдің лексикалық сөздік қорының байлығы сол тілдің омонимдерімен емес, керісінше, синонимдерімен ерекшеленеді. Сондықтан латыннегізді жаңа әліпбиге көшу барысында қазақ тілі дауыссыздар жүйесінде араб-парсы тілдерінен енген сөздердегі «х» фонемасы бар кейбір сөздерді қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес, мазмұндық деңгейіне нұқсан келмейтін жағдайда «к» фонемасымен берген жөн. Мысалы, рахмет-рақмет, дастархандастарқан, дархан-дарқан, т.б. Себебі бұл сөздердегі х фонемасы қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес келмейтін, араб тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген жат дыбыс [12].

Сөзімізді түйіндей келгенде, жоғарыда келтірілген тұжырымдарды негізге алып, сонау көне дәуірден тіліміздің лексикалық қорынан орын алған діни терминдер өткен ғасырдың алғашқы кезеңіне дейін түпнұсқаға сәйкестендіріп жазылғандығын көреміз. Өйткені осы кезеңге дейін оны қолданушылар діни сауатты болды деген пікірді ұсынғымыз келеді. Діни сауатты адамдар көп ретте діни ұғымдағы сөздердің мағынасын басшылыққа алып, төл тілдегі нұсқасын сақтап айтып, сол негізде жазуды ұстанды. Міне осындай ұстаным біз талдауға алған қажы сөзіне де тиесілі. Сөздің басындағы араб тіліндегі ح -х дыбысы қазақ тіліндегі қ дыбысына сәйкесіп, нәтижесінде хадж-қажы нұсқасында қалыптасып, айналымға енгізілген.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 Ата баба діні. Түркілер неге мұсылман болды? – Алматы : Білім, 2000. – 504 б.
- 2 Арабско-русский словарь. – Ташкент : «Камалак», 1994. I том. – 456 с.

- 3 Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы : «Аруна Ltd». ЖШС, 2010. – 592 б.
- 4 **Ханмагомедов, Я. М.** Хадж : происхождение и сущность. // Журнал «Исламоведение» – российский научно-теоретический журнал. – №1 – 2009.
- 5 **Гогиберидзе, Г. М.** Исламский толковый словарь. – Ростов н/Д : Феникс, 2009. – С. 266.
- 6 Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы : «Арыс» баспасы, 2005. – 824 б.
- 7 **Сыздық, Р.** Қазақ тілінің анықтағышы (Емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Алматы, 2016. – 480 б.
- 8 **Жүнісбеков, Ә.** Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. – Орал, 2007. – 32 б.
- 9 **Сыздық, Р.** Сөз сазы (сөзді дұрыс айту нормалары). – Алматы : «Санат», 1995. – 120 б.
- 10 **Мансұров, Н. Б.** XIX ғасыр поэзиясындағы араб, иран кірме сөздері (Дулат, Шортанбай, Мұрат шығармалары бойынша) : Фил.ғыл.канд.дисс. – Шымкент, 2006. – 133 б.
- 11 **Раева, Г. М.** Түркі тілдеріндегі жуанды түбірлердің жіңішке түбірлерге айналуы. – Алматы : «Эверо», 2004. – 168 б.
- 12 **Сейітбекова А. А.** Жарыспалы X мен Қ графемаларымен келетін сөздерді біріздендіру мәселесі. [Электронды рсурс]. – <https://tilalemi.kz/article/1611-.html>

References

- 1 Ata baba dini. Türkiler nege musulman boldy? – [Ancestral religion. Why did the Turks become Muslims?]. – Алматы : Bilim, 2000. - 504 p.
- 2 Arabsko-rýský slovár. – Tashkent : «Kamalak», 1994. I tom. – 456 s. [Arabic-Russian dictionary. Tashkent: «Kamalak», 1994. – Vol. I. – 456 STR.
- 3 Islam. Ensiklopedialyq anyqtamalyq. – Алматы : «Арына Ltd». JSHS, Islam. An encyclopedic reference book]. – Алматы : «Aruna Ltd». LLC, 2010. – 592 p.].
- 4 **Hanmagomedov, Ia. M.** Haj : proishojdenie i syshnós J [Khadzh : progress and substance]. In The journal «Islamovedenie». A Russian scientific and theoretical journal. – №1. – 2009.
- 5 **Gogiberidze, G. M.** Islamskí tolkovyí slovár. [Islamsky tolkovy slovar]. Rostov D : Phoenix publ., 2009. – P. 266..
- 6 Qazaq tiliniń aimaqtyq sózdigi. [Regional Dictionary of the Kazakh language]. Алматы : Arys publishing house, 2005. – 824 p..
- 7 **Syzdyq, R.** Qazaq tiliniń anyqtaǵyshy (Emle, tynys belgileri, sóz sazy). [Determinant of the Kazakh language (Spelling, punctuation, vocabulary)]. – Алматы, 2016. – 480 p.].

8 **Zhunisbekov, A.** Álipbí aýystyrýdy jazý reformasyna ainaldyrý kerek. – [It is necessary to transform the transition of the alphabet into a reform of writing. – Uralsk, 2007. – 32 p.

9 **Syzdyq, R.** Sóz sazy (Sózdi durys aity normalary). [Saz word (Norms of correct pronunciation of words)]. – Almaty : «Sanat», 1995. – 120 p.

10 **Mansurov N. B.** ğasyr poeziasyndaǵy arab, iran kirme sózderi (Dýlat, Shortanbai, Murat shyǵarmalary boıynsha) : Fil.ǵyl.kand.diss. [Arabic, Iranian words in poetry of the XIX century (based on the works of Dulat, Shortanbay, Murat) : Phil.science.Kand.diss.]. – Shymkent, 2006. – 133 p.

11 **Raeva G. M.** Túrki tilderindegi jýandy túbirlerdiń jıńishke túbirlerge analýy. [Transformation of thick roots into thin roots in Turkic languages]. – Almaty : «Evero», 2004. – 168 p.

12 **Seitbekova A. A.** Jaryspaly men K grafemalarymen keletin sózderdi birizdendirý máselesi. The problem of unification of words with competing graphemes X and K. [Electronic resource]. – <https://tilalemi.kz/article/1611-1.html>].

Материал 28.08.20 баспаға түсті.

Н. Б. Мансуров

Хаджи – почетное звание мусульманина

Международный казахско-турецкий университет имени Х. А. Ясауи,
Научно-исследовательский институт тюркологии,
Республика Казахстан, г. Туркестан.
Материал поступил в редакцию 18.09.20.

Статья основана на лингвистическом материале о значении слова «хаджи», которое наиболее широко используется в истории языка. Основные анализы дифференцированы на основе содержания и семантических особенностей слова, а также на основе других типовых вариантов. Также в статье говорится об значении, образовании, правописании и произношении слова хаджи на оригинальном языке. Была раскрыта сущность слова, и были рассмотрены образования примеров, которые подверглись фонетическим изменениям в казахском языке.

В ходе исследования были также проанализированы различия между значением слова, употреблением слова, его нынешним понятием и его ролью в языке. Значение слова хаджи, как посещение священного места мусульман, с лингвистической точки зрения означает стремление к чему-то священному, а с точки зрения терминологии означает условия паломничества в Мекку в определенный период.

При этом автор считает, что слово после внедрения в другой язык подвергается лексическому и, в роли заимствованного слова, фонетическому изменению, а также автор разумно предложил сформулированные научные мнения о произношении и написании слов. Основываясь на таких теоретических данных и выводах о заимствованиях, автор сделал свои выводы.

Ключевые слова: заимствованное слово, религиозная лексика, происхождение слова, паломничество.

N. B. Mansurov

Haji – the honorary title of muslim

A. Yasai University, Research Institute of Turkology,
Republic of Kazakhstan, Turkestan.

Material received on 18.09.20.

The article is based on linguistic material about the meaning of the word «haji», which is most widely used in the history of language. Basic analyzes are differentiated based on the content and semantic features of the word, as well as on the basis of other typical variants. The article also talks about the meaning, education, spelling and pronunciation of the word Haji in the original language. The essence of the word was revealed, and the formation of examples that underwent phonetic changes in the Kazakh language was examined.

The study also analyzed the differences between the meaning of the word, the use of the word, its current concept and its role in the language. The meaning of the word Haji, as a visit to the sacred place of Muslims, from a linguistic point of view means the pursuit of something sacred, and from the point of view of terminology means the conditions of pilgrimage to Mecca in a certain period.

Moreover, the author believes that the word after being introduced into another language is subjected to lexical and, in the role of a borrowed word, phonetic changes, and the author reasonably suggested formulated scientific opinions about the pronunciation and spelling of words. Based on such theoretical data and conclusions about borrowing, the author made his conclusions.

Keywords: borrowed word, religious vocabulary, word origin, pilgrimage.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz